

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ  
БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ  
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРЕТІН ӘЛЕУЕТТІ  
ҚАТЕРДІҢ ДӘРЕЖЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰРЫЛЫС  
ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК САНАТЫН  
БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ**

---

**ПОРЯДОК ОПРЕДЕЛЕНИЯ КАТЕГОРИЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТРОИТЕЛЬНЫХ  
ОБЪЕКТОВ, В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СТЕПЕНИ  
ПОТЕНЦИАЛЬНОГО РИСКА ДЛЯ ЖИЗНИ,  
ЗДОРОВЬЯ ЛЮДЕЙ И ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

**ҚР ҚБҚ 1.06-02-2011  
РДС РК 1.06-02-2011**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	1
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	2
5 ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІЛЕРІ.....	4
6 ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ.....	6
6.1 Қауіптің геологиялық факторлары.....	6
6.2 Қауіптің гидрометеорологиялық факторлары.....	7
6.3 Қауіптің антропогендік факторлары.....	8
6.4 Аралас сипаттағы қауіптің факторлары.....	10
7 ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ.....	11
7.1 Механикалық қауіптің алдын алу.....	11
7.2 Өрт қауіптің алдын алу.....	11
7.3 Адам денсаулығына зиян келтіру қауіпінің алдын алу.....	12
7.4 Ғимараттар мен имараттарды пайдалануға беру кезіндегі қауіптердің алдын алу.....	13
7.5 Қоршаған ортаға әсер ету қауіпінің алдын алу.....	14
7.6 Қолданылатын құрылыс материалдары мен бұйымдарынан болатын қауіптің алдын алу.....	14
7.7 Ғимараттар мен имараттарды инженерлік іздеу, жобалау, құрылысын салу, пайдалануға беру мен жою кезіндегі қауіптердің алдын алу.....	15
8 ҚАУІПТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ.....	16
8.1 Қауіп факторларын талдау.....	16
8.2 Қауіп деңгейін бағалау.....	22
8.3 Объект қауіпінің үлестік деңгейін бағалау.....	31
8.4 Қауіптің жалпы деңгейіне (дәрежесіне) байланысты объектінің санаты (тобы).....	31
9 ОБЪЕКТІНІҢ ҚАУІП САНАТЫНЫҢ ЕСЕБІМЕН ҚҰРЫЛЫС ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ.....	33
10 ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	33
10.1 Сәйкестілікті бағалау.....	33
10.2 Қауіпті факторлардың мониторингі.....	34
10.3 Қадағалау мен бақылаудың мақсаттары, тапсырмалары.....	36
10.4 Қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру.....	38
А ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Қолданатын терминдердің анықтамасы.....	41
Б ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Міндетті сипаттағы бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың және тармақшалардың тізбесі.....	45

## КІРІСПЕ

Осы құрылыстағы басшылық құжаты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ҚР ҚН 1.01-01-2011 негізгі қағидаларына сәйкес әзірленген.

Осы құрылыстағы басшылық құжатының мақсатына ғимараттар мен имараттардың құрылысын салу және пайдалануға беру процесінде туатын қауіп факторларына жүйелі қарауды қалыптастыру жатады және қауіптің пайда болуының себепті-тергей байланыстарының факторларын, олардың құрылыс объектісіне, халыққа, қоршаған ортаға, мемлекеттік экономикалық келешегіне, келешекті қауіптің дәрежесіне байланысты құрылыс объектілеріне зақымдайтын әсер етуінің келешекті факторларының алдын алуды қарастырады.

Объектілердің келешекті қауіпін бағалау жүйесін құру объектінің құрылысын салу, пайдалануға беру, оны жою, қауіп деңгейі кезінде қандай қауіп төнетіндігін (төнуі мүмкін екендігін), яғни қауіп факторларының құрылыс объектісінің өзіне, қоршаған ортаға, құрылыс объектілерінің адамдардың өміріне, денсаулығына және адамның мекендейтін орны ретінде қоршаған ортаға келешекті қауіпіннің жалпы деңгейі бойынша құрылыс объектілерінің жауапкершілік санатары мен жинақтық қауіптерге ықтимал зақымдайтын әсер етуін анықтауға мүмкіндік береді.

Құрылыс объектісінің жауапкершілік санатын анықтаған кезде бір қауіп факторларының зақымдайтын әсер етуі сол қауіп факторының әлеуетті қауіптілігінен ғана емес, оған ілеспелі факторлардан – өңірде тұрып жатқан халықтың тығыздығына, адамдардың бір уақытта объектіде ықтимал санына, объектіні орналастыру ауданындағы қоғамның өмірлік маңызды мүдделерінің бар болуына, құрылыс объектісінің құрылыс салу кезінде, пайдалануға беру немесе жою кезінде де жағымсыз әсер етуі мүмкін өңірдегі флора мен фаунаның жағдайына байланысты болады.

Құрылыс объектілерінің қауіптерін басқару жүйелерінің негізгі қағидаттарына:

- ғимаратты, имаратты пайдалануға беру, оларды жою процесінде адамдардың өмір сүруі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті жағдайларды жасауды қоса, адамның өмірі мен денсаулығын, мекендейтін ортасын қауіп факторларының жағымсыз әсер етуінен сақтау;

- әртүрлі табиғи және антропогендік әсерлер мен жаратылыстар кезінде ғимараттар мен имараттарды қорғау, олардың қауіпсіздігі мен сақтылығын қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығын, энергетикалық тиімділікті қорғау, құрылыс объектілерінің құрылысын салу, пайдалануға беру мен жою кезінде орнына келмейтін табиғи ресурстарды қысқартау жатады.

«Жалпы ережелер» бөлімінде оларды келесі бөлімдерде осы нормативтік құжатта қолдануды нақтылауға мүмкіндік беретін құрылыстың жалпы қабылданған нормативтік құжаттары берілген.

«Құрылыс объектілері» бөлімінде ғимараттар мен имараттардың нормативтік құжат бағытталған қауіптерді бағалаудың қолданыстағы жіктемесі берілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ  
ҚҰЖАТТАРЫ  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

---

**АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА  
КЕЛТІРЕТІН ӘЛЕУЕТТІ ҚАТЕРДІҢ ДӘРЕЖЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰРЫЛЫС  
ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК САНАТЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ**

**ПОРЯДОК ОПРЕДЕЛЕНИЯ КАТЕГОРИЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТРОИТЕЛЬНЫХ  
ОБЪЕКТОВ, В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СТЕПЕНИ ПОТЕНЦИАЛЬНОГО РИСКА ДЛЯ  
ЖИЗНИ, ЗДОРОВЬЯ ЛЮДЕЙ И ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

---

Енгізілген күні – 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

Осы құрылыстағы басшылық құжаты (ары қарай – ҚР ҚБҚ) жоба алдылық іздеу кезеңінде қауіптерді сәйкестендіруге, қауіп санатын белгілеу арқылы жобаның тапсырыс берушісі қауіптің белгіленген санаты кезінде объектінің құрылысын салуды жобалаудың техникалық тапсырмасын әзірлеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін олардың зақымдайтын әсер етуін бағалауға бағытталған.

Жобалаудың техникалық тапсырмасын әзірлеу туралы дұрыс шешім кезінде қауіптер мен олардың зақымдайтын әсерлеру туралы деректер олардың зақымдайтын әсерінен қорғауға қатысты жобалық шешімдер қабылдаған және құрылыс объектісін қауіпсіз пайдалануға беруге қатысты іс-шараларды әзірлеген кезде пайдаланылады.

ҚР ҚБҚ ережелері сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарды әзірлеуді және қолдануды жүзеге асыратын басқару, сәйкестілікті бағалау, бақылау және қадағалаудың нормативтік-техникалық құжаттамасының органдары, жеке және заңды тұлғалардың өздерінің ұйымдастырушы-құқықтық меншік формасы мен бағыныштылығына тәуелсіз Қазақстан Республикасы аумағында қолдануына тиесілі.

Мемлекеттік нормативтерді қолдануға қойылатын талаптар осы ҚР ҚБҚ 9-бөлімінде берілген.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ҚР ҚБҚ қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі № 242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09-қарашадағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» заңы;

«Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті;

ҚР СТ 1.1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

Ескертпе - Осы нормативтік құжатты пайдалану кезінде ағымдағы жылдың 1-қаңтары жағдайы бойынша құрылған «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші және ағымды жылда жарияланған мемлекеттік стандарттардың тиісті ақпараттық нұсқаулары бойынша сілтемелік стандарттардың әрекетін тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормаларды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмастан, алып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалатын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатында А қосымшасында, сонымен қатар ҚР СТ 1.1 және басқа да халықаралық және мемлекетаралық нормативтік құжаттарда берілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

### **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Өзінің пайда болу табиғатына қарай қауіп факторларын шартты түрде екі қағидаттық айырмашылықты топқа бөлуге болады:

Бірінші топ – бұл табиғи сипаттағы қауіп факторлары. Қауіптің табиғи факторларының пайда болуы адамға, оның антропогендік қызметімен қатысы жоқ және адамға бағынбайды. Сондай-ақ табиғи қауіптер өзінің құрылымы бойынша шартты түрде геологиялық процестерге және гидрометеорологиялық жаратылыстарға байланысты қауіптер болып бөлінеді.

Қауіп факторының екінші тобы негативтік процестердің, адамның антропогендік қызметіне байланысты жаратылыстардың пайда болуы болып табылады.

4.2 Қауіп факторларының әсер етуін бағалаған, олардың зақымдайтын әсер етуінің деңгейін анықтаған кезде қауіп факторының екі тобы да айтарлықтай шартты және өздері нақты пайда болған кезде негативтік жинақтық әсер етуді қиындатып қана қоймай, сонымен қатар басқа топтың қауіп факторларының негативтік жаратылыстарының тууына себеп болуы да мүмкін екенін ескеру керек.

4.3 Сейсмикалығы 9 баллдан асатын алаңдарда құрылыс объектілерін салуға кеңес берілмейді.

4.4 Құрылыс алаңдарын құламасы 15° асатын беткейде, геологиялық қалдықтардың жазықтары бар және жыныстарының құрылымы физика-геологиялық процестерден қатты бұзылған телімдерде, отырмалы топырақтары, шашпалары, құламалары, қорыстары, көшкіндері, сел, карст, тау өңдемелері, тұрақсыз топырақ ортасы бар алаңдарда орналастыруға жол бермеу керек.

4.5 Құрылыс конструкцияларының, жалпы объектінің сенімділігін анықтайтын негізгі қасиетке олардың жұмыстарының шексіздігі, қызмет етудің белгіленген мерзімі ішінде берілген пайдалануға беру қабілеттіліктерін сақтай алуы жатады.

4.6 Қауіп деңгейін анықтаған кезде кернеулі және деформациялық жағдайды анықтайтын факторлар, конструкция элементтері мен іргенің өзара әрекеттерінің ерекшеліктері, конструкцияның кеңістікті жұмысы, геометриялық және физикалық сызықсыздық, материалдар мен топырақтың пластикалық және реологиялық қасиеттері, темірбетон конструкцияларда сызаттардың бар болуы, геометриялық өлшемдердің олардың номиналдық мәндерінен және басқа да ықтимал факторлардан ауытқуы ескеріледі.

4.7 Объектілердің шекті жағдайлары төмендегілерге бөлінеді:

а) конструкцияның, іргенің пайдалануға беруге толық жарамсыздығы немесе объектінің жалпы күш түсетін қасиетін жоғалту;

Жағдай:

- кез-келген сипаттағы қираумен, пластикалық, әлсіз, қажу, формасының тұрақтылығын жоғалтумен;
- күйінің тұрақтығын жоғалтумен;
- өзгеретін жүйеге көшумен;
- конфигурациясының сапалы өзгеруімен;
- ішінде пайдалануға беру қажеттілігі туатын басқа жаратылыстар – ағу, пластикалық, қосылыстардағы жылжу, сызаттардың пайда болуының нәтижесіндегі төтенше деформациялармен сипатталады.

б) конструкцияның (іргенің) дұрыс пайдалануға беруін қиындататын немесе қызмет етудің қарастырылған мерзімімен салыстырғанда объектінің ғұмырлығын азайтатын жағдай.

Жағдай:

- конструкцияның шекті деформациясының шекті майысуға, бұрылуға немесе іргенің шекті деформациясына жетуімен;
- конструкцияның немесе іргенің тербелісінің шекті деңгейіне жетуімен;
- сызаттардың пайда болуымен;
- шекті ашылуға немесе сызаттардың ұзындығына жетумен;
- дұрыс пайдалануға беруді қиындататын форманың тұрақтылығын жоғалтуымен;
- ішінде ғимаратты немесе имаратты пайдалануға беруді уақытша шектеу қажеттілігі туатын басқа да жаратылыстармен сипатталады.

## 5 ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІЛЕРІ

### 5.1 Ғимараттар

5.1.1 Тұрғын көп пәтерлі ғимараттар.

5.1.2 Тұрғын бір пәтерлі ғимараттар.

Қоғамдық ғимараттар.

5.1.3 Білім беру, тәрбиелеу және кадрларды дайындау ғимараттары:

- жалпы типтегі, мамандандырылған, сауықтыратын және бастауыш мектеппен біріктірілген балалардың мектепке дейінгі мекемелері;

- жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептер мен мектеп-интернаттары, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары;

- кәсіптік-техникалық училищелер мен жұмыс кадрларын дайындау және қайта дайындауға арналған оқу орындары;

- орта арнайы оқу орындары;

- жоғары оқу орындары;

- мамандарды дайындау мен біліктілігін көтеруге арналған оқу орындары;

- мектептен тыс мекемелер.

5.1.4 Ғылыми-зерттеу мекемелеріне, жобалау, қоғамдық ұйымдар мен басқармаларға арналған ғимараттар:

- ғылыми-зерттеу институттарына арналған ғимараттар;

- жобалау және конструкторлық ұйымдардың ғимараттары;

- ақпараттық орталықтардың ғимараттары;

- басқару органдарына арналған ғимараттар;

- қоғамдық ұйымдарға арналған ғимараттар;

- несиелеу, сақтандыру және коммерциялық мақсаттарға арналған ғимараттар;

- мұрағаттарға арналған ғимараттар.

5.1.5 Денсаулық сақтау және дем алу ғимараттары:

- стационары бар емдейтін, перзентханалар, амбулаторлық-емханалық, дәріханалар, сүт ас үйлері, бальнео және саз емханалары;

- шипажайлар, шипажай-профилакторийлер;
- дем алу және туризм мекемелері.

5.1.6 Дене тәрбиесі-сауықтыру ғимараттары мен спорттық имараттар:

- ашық спорт-дене тәрбиесінің имараттары;
- ғимараттар мен жабық имараттар;
- дене тәрбиесі-спорт және сауықтыру кешендері.

5.1.7 Мәдени-ағартушылық және көрініс мекемелерінің ғимараттары:

- кітапханалар;

- мұражайлар мен көрмелер;

- клубтық ғимараттар (клубтар, мәдениет үйлері мен сарайлары, дем алу орталықтары ж.б.);

- көрініс ғимараттары (театрлар, концерт залдары, кинотеатрлар, цирктер ж.б.).

5.1.8 Сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету ғимараттары:

- бөлшек сауда кәсіпорындарына арналған ғимараттар;

- қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына арналған ғимараттар (өнеркәсіптік кәсіпорындардың қосалқы ғимараттары мен үй-жайларына жататын қоғамдық тамақтану ғимараттары мен үй-жайларынан басқа);

5.1.9 Тікелей халыққа қызмет көрсетуге (өндірістік емес сипаттағы) арналған тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған ғимараттар).

5.1.10 Тікелей халыққа қызмет көрсетуге арналған көлік ғимараттары:

- көліктің барлық түрлеріне арналған вокзалдар;

- жолаушыларға қызмет көрсететін кеңселер мен көлік агенттіктері, кассалық павильондар.

5.1.11 Коммуналдық шаруашылық ғимараттары (өндірістік, қоймалық және көлік ғимараттары мен имараттарынан басқа):

- азаматтық салттарға арналған ғимараттар, жерлеу бюросы;
- тұрғын-пайдалануға беру;
- қонақ үй кәсіпорындарының, мотельдер мен кемпингтердің ғимараттары;
- қоғамдық әжетханалар;
- монша және монша-сауықтыру кешендері.

5.1.12 Қоймалық ғимараттар

Қоймалық ғимараттар екі топқа бөлінеді:

- заттарды, материалдарды, өнімдер мен ішкі органың берілген параметрлерін сақтау үшін ерекше құрылыс шараларын талап етпейтін шикізатты сақтауға арналған қоймалық ғимараттар;

- құрғақ минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың химиялық заттарын, жарылатын, радиобелсенді және қатты әсер ететін ұлы заттарды, жанатын газдарды, 70 кПа (0,7 кгс/см<sup>2</sup>) қысымында ыдыстағы жанбайтын газдарды, мұнай мен мұнай өнімдерін, каучукты, целлулоидті, жанатын пластмассалар мен киноүлдірді, цементті, мақта, ұн, жем, жүн, тері және былғары өнімдерін, ауыл шаруашылық өнімдерін сақтауға арналған қоймалық ғимараттар, тоңазытқыштар мен осы заттарды сақтауға байланысты қауіп теңдейін төмендетуді қамтамасыз етуге қатысты арнайы шараларды қабылдауды талап ететін астық сақтауға арналған ғимараттар.

5.1.13 Өндірістік ғимараттар:

- технологиялық мақсаттағы ғимараттар;

- тұрмыстық ғимараттар – ішінде жұмысшыларға қызмет көрсететін үй-жайларды орналастыруға арналған ғимараттар: санитарлық-тұрмыстық, денсаулық сақтау, қоғамдық тамақтану, сауда, тұрмыс, мәдениет қызметі;



- әкімшілік ғимараттар – ішінде басқару, конструкторлық бюро, ақпараттық-техникалық мақсаттағы, көшіру-көбейту қызметтерінің, есептеу техникасының, еңбекті қорғау үй-жайлары орналасатын ғимараттар.

5.1.14 Көп функциялы ғимараттар (кешендер) – әртүрлі мақсаттағы (тұрғын, қоғамдық, мәдени-ағартушылық, қоғамдық тамақтандыру ж.т.б.) ұйымдарды орналастыруға арналған, замани әлеуметтік-мәдени, технологиялық, қала құрылыстық және сәулет талаптарына жауап беретін өзара байланыстың жүйесімен біріктірілген жеке тұрған ғимараттар немесе ғимараттың тобы;

- көп функциялы ғимараттар мен кешендер төмендегі функционалдық аймақтардан тұрады:

- тұрғын аймақтар;
- қоғамдық (қоғамдық-іскер) аймақтар;
- рекреациялық аймақтар;
- инженерлік және көлік инфрақұрылымының аймақтары.

Қауіп әсерлерінің залалды әсер етуінің деңгейін бағалаған кезде сондай типті ғимарат үшін сипатты, адамдардың көңіл-күйі мен денсаулығына әсер ететін қауіптің қосымша факторларын: жоғары аэродинамикалық және шу тәртіптері, биіктіктен қорқу, ғимараттың жоғарғы қабаттарының арақабырғаларының жоғары тербелістерін ескеру керек.

## **5.2 Имараттар**

- 5.2.1 Денсаулық сақтау және дем алу имараттары;
- 5.2.2 Дене тәрбиесі-сауықтыру және спорттық имараттар;
- 5.2.3 Автомобиль жолдары;
- 5.2.4 Темір жолдары;
- 5.2.5 Аэродромдар;
- 5.2.6 Метрополитендер;
- 5.2.7 Трамвай және троллейбус желілері;
- 5.2.8 Гидротехникалық имараттар;
- 5.2.9 Магистралдық құбыр жолдары;
- 5.2.10 Газ тарату жүйелері;
- 5.2.11 Автожанармай станциялары;
- 5.2.12 Сумен жабдықтау және кәріз жүйелері;
- 5.2.13 Жылумен жабдықтау жүйелері.

## **6 ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ**

Өзінің пайда болу табиғатына байланысты қауіп факторлары табиғи және антропогендік сипаттағы қауіп факторларына бөлінеді.

Өз кезегінде табиғи сипаттағы қауіп факторлары геологиялық және гидрометеорологиялық сипатқа бөлінеді.

### **6.1 Қауіптің геологиялық факторлары**

6.1.1 Көшкін – жартасқа жыныс массаларының топырақтың жылжу нәтижесінде топырақтың өзіндік салмағы мен жүктемеден (сейсмикалық, сүзу, діріл) қозғалуы.

6.1.2 Опырылу – тау жыныстары жиынтығының (ірі тастар және сынықтар түріндегі) негізгі сілемдерден бөлінуі нәтижесінде опырылуы (құлауы).

6.1.3 Карст – судың (үстіңгі және жерастылық) қызметіне байланысты және тау жыныстарының еруі мен олардың ішінде әртүрлі өлшем мен формадағы қуыстардың

пайда болуына, циркуляцияның ерекше сипаты мен жерастылық сулардың тәртібін, жергілікті мекеннің сипатты бедері мен гидрографикалық желісін жасауға байланысты жаратылыстардың жинағы.

6.1.4 Жер сілкінісі – сейсмикалық толқындардың жүруінің нәтижесінде жер бетінің тербелісі.

Жер сілкінісі кезінде пайда болған қирататын күштің энергиясы жер сілкінісі ошағынан ғимарат пен имаратқа әсері олардың бұзылуына немесе қирауына әкеп соғатын сейсмикалық толқын түрінде таралады. Жер сілкінісінің күші мен сипаты он екі баллдық шкала бойынша өлшенетін жер бетіндегі энергияның қарқындылығымен сипатталады. Қатты жер сілкінісі (6-7 балл) құрылысын салған кезде антисейсмикалық шаралар қарастырылмаған ғимараттардың, имараттар мен инженерлік коммуникациялардың бұзылуы мен қирауына әкеп соғады. Жер сілкінісі ауданында қалған адамдардың жарақаттануы мен өлімі объектілердің бұзылуының немесе қирауының, өрттердің, су астында қалу мен басқа себептерінің нәтижесінен болады. Жер сілкінісі елеулі аумақтарды қамтуы мүмкін.

6.1.5 Жер бетінің деформациялары – топырақтың өз салмағынан, сыртқы жүктемеден, бет бетінің горизонталь орын ауысуының салдарынан пайда болатын деформациялар.

6.1.6 Жыныс массивтерінің тығыздықсыздану – табиғи кернеулердің жүктемесінің салдарынан жыныс тығыздығының жоғалуы.

6.1.7 Желдену – қираған жыныстардың дисперстік, сынған және сызатты аймақтарының пайда болуы.

6.1.8 Аккумулятивтік жаратылыстар – аллювий, делювий, пролювий ж.б. жаратылысы. Эрозиялық көлеңкелер мен алып мұз-көпалдылық көлдердің жылжымалар кезінде апаттық ағындардың арналарының кері ағыстардың аймақтарында құрылған рельефтердің формалары.

6.1.9 Суффозиялық (жерастылық-эрозиялық) жаратылыстар – дисперстік материалды қуыстардан, сызаттар мен каверналардан шаю және шығару, сарғыш топырақты және сазды жыныстардағы шаю мен пайда болу.

6.1.10 Солифлюкциялық жаратылыстар – сумен құнарланған топырақтың жартас іргесінің мұзбен цементтелген қатқан бет бойынша ағуы. Солифлюкация әртүрлі табиғи аймақтарда байқалады. Ұсақ топырақты жер қыртысы жабын еріген қардан немесе жаңбырдан бөлінетін ылғалмен құнарланады, ауырланады, тұтқыр пластикалық болады және қатқан төселетін қабаттың әлі ерімеген сырғанақ беті бойынша 2-3° еңіс кезінде қозғала бастайды.

6.1.11 Борттық қақтығыстың сызаттары – атектоникалық қоймалық деформациялар мен шықпалар.

6.1.12 Топырақтың отыруы – топырақтың сыртқы жүктеменің немесе өзінің салмағынан тығыздалуы. Қатқан топырақтың еруінің, дірілдің және басқа себептердің нәтижесінде болады.

6.1.13 Карбонаттық темірленген және кремнийленген «қабықшасының» пайда болуы.

6.1.14 Карст және басқа табиғи сызықтардың астылардың және ұңғылардың пайда болған жинақтарында жыныстардың қирауы.

6.1.15 Жынысастылық сулардың шығуы – жыныстың шамадан тыс ылғалдануынан пайда болған топырақ суларының жер бетіне шығуы. Кездейсоқ, кезеңдік және тұрақты болуы мүмкін. Жынысастылық сулардың кездейсоқ шығуы жақын маңдағы су тасқынының немесе су астында қалудың, кезеңдік – әдетте, жүйелі су ағудың немесе жаюдың, тұрақты – суару арнасының, жасанды көлдің, су қоймасының ж.б. нәтижесінде болады. Жынысастылық сулардың ойда жоқта шығуы мүлікке елеулі материалдық

шығынға ұшыратады: жертөлелік үй-жайлар, іргетастар, жерастылық коммуникациялар суға толады және қирайды.

## 6.2 Қауіптің гидрометеорологиялық факторлар

6.2.1 Сел ағыстары – автомобиль және темір жолдардың ірі қираулары мен үйінділерін, ғимараттар мен имараттардың, елді мекендердің қирауына, аумақтың су басуына, адамдардың жарақаттануы мен өліміне әкелуге қабілетті. Сел ағыстары тау өзендерінің ағысында пайда болады, бұл жерде тастың, құмның, тау жыныстарының қирауы, шөгінділері бар өзендегі судың деңгейі күрт көтеріледі.

6.2.2 Эрозиялық ағыстар – жартастардағы шаю.

6.2.3 Орлардың, дөңнің, қалдықтардың (биік тау жаратылыстар қирағаннан кейін сау қалған тау жыныстарының оқшауланған массивтерінің) жаратылысы бар құмды және құм сияқты массалардың жалпылдау және ауысуы ж.с.с.

6.2.4 Табиғи сипаттағы өрттер

Табиғи сипаттағы өрттің себептеріне:

- атмосфералық электрдің разрядтары;
- вулканның атқылауы жатады.

6.2.5 Климат – ауаның температурасы мен ылғалдылығының экстремалдық және орташа мәндері, атмосфералық шөгінділердің саны мен қарқындылығы, желдің жылдамдылығы; қар жабынының ең үлкен биіктігі мен жыныстың қатуының тереңдігі, атмосфералық жаратылыстар.

6.2.6 Су басу – су тасқыны мен су басу селді жаңбыр, өзендердің мұздарының, таудағы қарлардың жаппай еруінің және басқа себептердің нәтижелерінен пайда болатын елеулі аумақты су басу. Су басқан кезде ғимараттар, имараттар қирайды, жол телімдері шайылады, гидротехникалық және жол имараттары қирайды. Ғимараттардың жертөлелік және бірінші қабаттарын су басқаннан кейін жабдықтар, агрегаттар, мүліктер ж.т.б. істен шығады.

6.2.7 Цунами – теңіздің жағалау аймағын су басу және осы жаратылыстың таралу шегінде орналасқан имараттарға динамикалық әсер ету. Цунами кездейсоқ пайда болатын және үлкен жылдамдықпен жылжитын алып мұхит толқындарынан тұрады. Жағаға жақындаған кезде 5-10 метр және одан да жоғары биіктіктегі су дуалы пайда болады. Замани сейсмикалық және гидроакустикалық аспаптар цунамиді бірнеше сағат бұрын ғана анықтауға мүмкіндік береді.

6.2.8 Боран, дауыл, құйындар циклон аймағында және кеңейтілген антициклондардың аймағында пайда болатын, үлкен жылдамдықты ауа массасының қимылынан тұрады. Құйын мен дауыл кезінде 100 км/сағ жоғры жылдамдықты желдің әрекетінен ғимараттар қирайды.

6.2.9 Қар көшкіндері, күртіктер қар тоқтамай, қалың жауғанның нәтижесінен пайда болады. Тауда пайда болған қар көшкіні қарға көміп, ғимараттарды, имараттарды қиратуы мүмкін.

6.2.10 Көк тайғақ – имарат конструкциясының оны мұз, мұздақ басқаннан кейін ауырлауы.

## 6.3 Қауіптің антропогендік факторлары

6.3.1 Қауіптің антропогендік факторлары адамның қызметіне байланысты. Оларға жарылыстар, өрт, қауіпті, зиянды заттардың әсері, сәулелену мен адамның тәжірибелік қызметінің барысында пайда болатын қауіптің басқа факторлары жатады.

6.3.2 Қауіп факторлары адамға шекті әрекет етумен сипатталады.

6.3.3 Объектінің физикалық тозуы – табиғи, климаттық факторлар мен адамның өмір қызметінің әсер етуінің нәтижесінде объектінің бастапқы техника-пайдалануға беру қасиеттерін (беріктілік, тұрақтылық, ғұмырлық ж.с.с.) жоғалтуы.

#### 6.3.4 Антропогендік сипаттағы өрттер

Өрт қаупінің қауіпті факторларының әсер етуінің нәтижесінде адамдардың өлімінің қаупінің деңгейі ғимараттың, үй-жайдың және имараттың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін функционерлеудің есебімен анықталуы керек.

Адамдар мен материалдық құндылықтарға әсер ететін өрт қаупінің қауіпті факторларына:

- жалын мен от ұшқындары;
- жылулық ағыс;
- қораған ортаның жоғары температурасы;
- улы өнімдердің жануы мен термикалық бұзылудың жоғары концентрациясы;
- оттегінің төмен концентрациясы;
- түтіннің эвакуация жолындағы жоғары концентрациясы жатады.

Өрт қаупінің қауіпті факторларының құрылыс конструкцияларына, технологиялық жабдыққа, адамдардың өмірі мен денсаулығына, материалдық құндылықтарға әсер етуінің екінші салдарына:

- қираған аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, конструкциялардың қалдықтары, бөліктері;
- қираған аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиобелсенді және улы заттар мен материалдар;
- конструкция, аппарат, агрегаттардың ток жүргізетін бөліктеріндегі жоғары кернеуді шығару;
- өрт салдарынан пайда болған жарылыс қаупінің қауіпті факторлары;
- өрт сөндіру жөніндегі өртке қарсы қызметтің бөлімшелерінің әрекеттері мен өрт сөндіретін заттарының әсері жатады.

6.3.5 Жарылыстар – жарылатын немесе оңай тұтанатын заттардың жағдайының күрт өзгеруінің салдарынан энергияның тым жылдам бөлінуі. Жарылыс кезінде көбінесе қосымша қиратуға әкелетін соққылық немесе жарылыстық толқын туады. Бірқатар жағдайда жарылыстық толқынға өрт ілеспелі болады. Жарылыстың пайда болуы табиғи және антропогендік факторларға байланысты. Антропогендік фактор жарылыстың пайда болуын адамның шаруашылық қызметімен байланыстырады.

#### 6.3.6 Шудың әсер етуі

Өртүрлік мақсаттағы ғимараттар мен имараттардың және өнеркәсіптік кәсіпорындардың алаңдарындағы ішіндегі шудың негізгі көздеріне машиналар, механизмдер, көлік құралдары мен басқа жабдықтар жатады.

Ауаны желдету, кондиционерлеу мен ауамен жылыту жүйелерінің шу көздеріне желдеткіштер, жергілікті желдеткіштегі тоназытқыш машиналар, электрқозғалтқыштар, ауаны реттейтін қондырғылар (дросселдейтін қондырғылар, қақпақшалар, жатқыштар, бағыттаушы күрекшелер), ауаны тарататын қондырғылар (ағындық және сормалық торшалар, плафондар, анемостаттар, жеткізгіштер), ауа жолдары желілерінің элементтері (бұрылыстар, көлденең қиысудың өзгеруі, бұтақталу) жатады.

Компрессорлық станциядағы шудың негізгі көздеріне компрессорлар (немесе турбокомпрессорлар) мен ауаны атмосфераға қайта жіберу (лақтыру) жүйелері жатады. Компрессордың (немесе турбокомпрессордың) шуы атмосфераға сору және лақтыру трактісі арқылы, ал машиналық залдың үй-жайына компрессор корпусы арқылы кіреді.

Компрессорлық станциядағы шудың көздерінің шу сипаттарын компрессорлардың (немесе турбокомпрессорлардың) нақты типтеріне арналған эксперименталдық деректер бойынша анықтау керек.

Турбореактивтік қозғалтқыштары бар қондырғылардың шуының негізгі көздеріне реактивтік лақтыратын ағыс пен сорудың осьтік компрессоры жатады.

Газ-турбиндік қозғалтқыштары бар қондырғылардың шуының негізгі көздеріне осьтік компрессор, турбина, помпажға қарсы қақпақшалар мен агрегаттар жатады.

Турбина, помпажға қарсы қақпақшалар мен агрегаттардың шу сипаттарын нақты қондырғыларға арналған эксперименталдық деректер бойынша анықтау керек.

Қалалар мен басқа да елді мекендердегі сыртқы шудың негізгі көздеріне көшелер мен жолдардағы көлік ағыстары, теміржол поездары, ауа көлігінің құралдары, трансформаторлар мен тұрғын үй топтарының ішіндегі шудың көздері жатады.

#### 6.3.7 Электрлік тот басудың әсер етуінің қауіпі

Тұрақты токтың қондырғыларынан болатын адасқан токтар бар болған кезде:

- электролиз бөлімшесі үшін ғимараттар мен имараттардың темірбетон конструкцияларында;

- рельстік көлік үшін тұрақты токта электрленген имарат конструкциясында;

- құбыр жолдарында, коллекторларда, іргетастар мен бөтен көзден болатын токтың өрісінде орналасқан ғимарат пен имараттың басқа да созылмалы жерастылық конструкцияларында;

- темірбетон және металл конструкцияларды жерлендіретін құрылғылар үшін пайдаланған кезде ауыспалы токтың әрекеті.

6.3.8 Өнеркәсіптік және басқа объектілерде пайда болатын апаттар. Қираудың көлемі мен адам құрбаны бойынша, салдарының сипаты бойынша замани қарудың әсерімен салыстырғанда өте маңызды болуы мүмкін. Апат өнеркәсіптік объектіде, көлікте өндірістік процестің күрт тоқтауымен немесе бұзылуымен сипатталады, артынан материалдық құндылықтың бұзылуы немесе жойылуы туындайды. Бірқатар жағдайда апаттар жарылысқа, өртке әкеп соғады және катастрофиялық салдарға: ғимараттың, имараттың қирауы, үлкен аумақтың радиобелсенді немесе химиялық улануы, адамдардың өлімі.

Ядролық жанармайы бар энергетикалық қондырғылардың (реакторлардың) қирауы болжау қиынға соғатын салдары бар үлкен аумақтардың радиациялық улануы ғана емес, сондай-ақ соққылық толқынның пайда болуына әкелетін атом станцияларындағы апаттар ерекше қауіпті.

Ондай объектілерге атом электрстанциялары, мұнай өнімдері мен басқа да жарылысқа қауіпті және оңай жанатын заттар мен материалдарды өңдеуге, сақтауға, қайта өңдеуге қатысты кәсіпорындар, химия өнеркәсібінің объектілері, шахталар, кен орындары, бөгеттер, жамбалар, су қоймалары жатады. Осындай объектілердің әрқайсысы бойынша оған тән ықтимал апаттың нұсқаларын әзірлеу және салдарының масштабтарын белгілеу керек.

### 6.4 Аралас сипаттағы қауіптің факторлары

6.4.1 Аумақтағы судың деңгейі көтерілуі – техногендік және жартылай табиғи факторлардың әрекетінен туатын, нәтижесінде су тәртібі мен аумақ балансының бұзылуынан қауіпті мәнге жететін, қорғау шараларын қолдануды талап ететін жерастылық сулардың деңгейінің ұлғаюы жүретін кешенді процесс.

#### 6.4.2 Газдардың басқыншылықты әсер етуі

Басқыншылықты газдар: көмір қышқыл газ, аммиак; күкіртті ангидрид; фторлы сутегі, күкірттегі, азот оксидтері; хлор; хлорлы сутегі жатады.

Газ тәрізді ортада бірнеше басқыншылықты газдар бар болған кезде ортаның басқыншылықты әсер етуінің дәрежесі ең қатты басқыншылықты газ бойынша анықталады.

**6.4.3 Қатты заттардың басқыншылықты әсер етуі**

Суда еріген кезде басқыншылықты қасиеттерге ие қатты заттар:

- силикаттар, фосфаттар (екінші және үшінші), магний, кальций, барий, қорғасын карбонаттары, барий, қорғасын сульфаттары, темірдің, хромның, алюминийдің, кремнийдің оксидтері мен гидроксидтері;

- натрий, калий, аммоний хлоридтері мен сульфаттары, магний, кальций, барий, қорғасын нитраттары, сілтілік металдардың карбонаттары;

- магний, кальций, алюминий, цинк, темір хлоридтері, магний, марганец, цинк, темір сульфаттары, натрий, калий, аммоний нитраттары мен нитриттері, барлық бірінші фосфаттар, натрийдің екінші фосфаты, натрий, калий оксидтері мен гидроксидтері.

Аз еритін тұздарға 2 г/л аз еритін, жақсы еритіндерге – 2 г/л жоғары еритін тұздар жатады. Аз гигроскопикалық тұздарға 20<sup>0</sup>С кезінде 60% және одан асатын қатысты ылғалдылығы бар, ал гигроскопиялық тұздарға – 60 % қатысты ылғалдылығы бар тұздар жатады.

**6.4.4 Топырақтың басқыншылықты әсер етуі:**

-топырақтың судың химиялық құрамы мен оның ішінде бикарбонаттық сілтіліктің, сутекті көрсеткіштің, басқыншылықты көмірқышқылының, магнезий тұздарының, аммоний тұздарының, улы сілтілердің, сульфаттардың, хлоридтердің ж.б. тұздардың бар болуына;

- сұйық органикалық емес ортаның бар болуына, оның тұрақты батыру мен кезеңдік жібіту кезінде темірбетон конструкцияның арматурасына басқыншылықты әсер етуіне;

- сұйық органикалық емес ортан мен биологиялық белсенді орталардың бар болуы мен олардың бетонға әсер етуіне байланысты болады.

6.4.5 Биологиялық агенттер – ағашты жоятын саңырауқұлақтар ж.б. ағаштың биологиялық тот басуын, химиялық басқыншылықты орталар (газ тәрізді, қатты, сұйық) ағаштың химиялық тот басуын туғызып, ағаш конструкцияларға қирайтын әсер тигізеді.

6.4.6 Металл конструкциялардың қирауы – ортаның металл конструкцияға ауаның атмосферасы, сұйық органикалық емес орта, топырақ сияқты басқыншылықты әсер етуі.

## **7 ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ**

### **7.1 Механикалық қауіптің алдын алу**

7.1.1 Ғимарат немесе имарат, оның іргесі мен құрылыс конструкциялары, ішкі инженерлік жүйелері климаттық жүктемелер мен әсерлерді, құрылыс конструкциялары мен іргелерінің деформациясынан, геометриялық параметрлердің, табиғи процестердің, жаратылыстар мен антропогендік әсерлердің ауытқуларынан пайда болатын күшейтулерді қоса, имараттың функционалдық мақсаты мен конструктивтік шешіміне сәйкес келетін пайдалануға беру жүктемелері мен әсерлердің барлық ықтимал жағымсыз үйлесімдері кезінде беріктілік пен тұрақтылыққа қатысты сенімділікке ие болуы керек.

7.1.2 Ғимарат немесе имарат жүктемелердің есептік мәндері мен қызметінің есептік мерзімі ішіндегі әсерлердің әрекеті кезінде нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес:

- жергілікті бұзылудың нәтижесінде болатын қирауды, ғимараттың немесе имараттың құрылыс конструкцияларының және іргелерінің жол берілмейтін деформацияларын, жанасқан аумақтың геологиялық массивтері мен адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, жақын орналасқан ғимараттар мен имараттарға зиян келудің жол бермейтін қауіпін құрайтын, объектіні ары қарай пайдалануға беруді тоқтату қажеттілігіне әкеп соғатын басқа да бұзылыстарды қоса, бүкіл ғимараттың немесе

имараттың, оның күш түсетін конструкцияларының қирауына байланысты күш түсетін қабілеттігін жоғалтуымен;

- объектіні пайдалануға беруді уақытша шектеу және (немесе) оның ғұмырлық ресурсын шектеуге әкелетін ғимараттың, имараттың, конструкцияның немесе ішкі инженерлік жүйелердің пайдалануға беру жарамдылығының бұзылуымен сипатталатын шекті жағдайға жетпеуі керек.

## 7.2 Өрт қауіптің алдын алу

7.2.1 Ғимарат немесе имарат оны пайдалануға беру процесінде өрттің пайда болу қауіптілігінің алдын алу немесе шектеу, ал өрт болған кезде – адамдар мен мүлікті әсерлерден қорғау және (немесе) өрт қауіпінің факторларының әсер ету салдарын шектеу, оның ішінде:

- халықтың қимылы шектеулі тобының ерекшелігінің есебімен, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келгенге дейін оларды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау;

- адамдарды құтқару, өртті артынан жою мен оның қайта жануының алдын алу арқылы өртті жою қамтамасыз етілетіндей етіп жобалануы және құрылысы салынуы керек.

7.2.2 Ғимарат, имарат, құрылыс конструкциялары мен ішкі инженерлік жүйелер келесі негізгі қағидалардың есебімен нормативтік құжаттарда белгіленген өртке қарсы талаптарға жауап беруі керек:

- жарылысқа қауіпті объектілер елді орналастыру аймағының шекарасынан тыс, ал егер мүмкін емес болса – осы объектілердегі жарылыстар мен өрт қауіпінің факторларының көрші ғимараттар мен имараттарға әсер етуінің алдын алу қажеттілігінің есебімен орналасуы керек;

- ғимараттар мен имараттардың арасындағы қашықтық олардың мақсатарының, өртке төзімділік дәрежесінің, конструктивтік өрт қауіптілігі класының және басқа ерекшеліктерінің есебімен өрттің көрші ғимараттар мен имараттарға таралмауын қамтамасыз етуі керек;

- ғимараттар мен имараттарға өтетін өтпелер, жолдар мен кірме жолдар оларға өрт техникасының қолжетімділік мүмкіндігін, ал ғимараттар мен имараттар – оларға өрт командаларының қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек;

- ғимараттар мен имараттардың, объектілердің аумақтарының ықтимал өртті сөндіру үшін сыртқы және ішкі сумен жабдықтау көздері болуы керек;

- ғимараттың немесе имараттың көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдері, өртке қарсы кедергілер, өрт бөлімшелері мен секциялары үй-жайдың функционалдық мақсаттар мен қажетті жабдықты, құралдар мен қондырғыларды қолданудың есебімен өрт пен оның қауіп факторларының өртену ошағынан тыс таралуын шектеу талаптарына жауап беруі керек;

- ғимараттың немесе имараттың, құрылыс конструкциялары мен ішкі инженерлік жүйе элементтерінің өртке төзімділігі мен өрт қауіптілігі, қолданатын құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі өрт кезінде олардың сақтылығы мен өрт қауіп факторларының мүлікке әсер етуін азайтуды қамтамасыз етуге және қойылатын негізделген талаптардың есебімен адамдарды эвакуациялау мен құтқару уақытына конструкция тұрақтылығына қойылатын талаптарға жауап берулері керек;

- ғимараттың немесе имараттың адамдарға өрт қауіп факторының әсер етуінің рұқсатты деңгейінен шыға, өрт кезінде ең аз қажет уақыт ішінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз ететін эвакуациялық жолдары мен шығу жолдары болуы керек. Адамдарды эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарынан эвакуациялауды толық көлемде қамтамасыз ету мүмкін емес болған кезде, ғимараттың немесе имараттың

қауіпсіздік, түтінге қарсы қорғаныс аймақтарын жасау және басқа техникалық құралдарды, көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдерді қолдану жолы арқылы ұжымдық қорғау жүйесі болуы керек;

- ғимарат немесе имарат өрт сөндіру мен жеке қорғаныс құралдарының алғашқы құралдарымен, қажет болған жағдайда – өртті анықтау, хабарлау және эвакуациялауды басқарудың жүйелерімен (өрт сигнализациясының қондырғылары мен жүйелері), өрт сөндірудің автоматтық қондырғыларымен және қорғаудың басқа да белсенді құралдарымен қамтамасыз етілуі керек.

### **7.3 Адам денсаулығына зиян келтіру қаупінің алдын алу**

7.3.1 Ғимараттар мен имараттарды жобалаған және құрылысын салған кезде адамға табиғи және антропогендік сипаттағы қауіп факторларынан болатын әсер етуден келесі жағдайлар қамтамасыз етілуі керек.

7.3.2 Ғимарат немесе имарат ішінде адам өмір сүрген немесе болған кезде адамға физикалық, биологиялық, химиялық, радиациялық және қоршаған орта қаупінің басқа зиянды факторлардың рұқсат етілмейтін әсері тумайтындай етіп жобалануы және құрылысы салынуы керек.

7.3.3 Аумақтың құрылысы өмір сүру ортасының қауіп факторларының адамға рұқсат етілмейтін әсерлері жоққа шығарылатындай және оның өмір сүруіне жағымды жағдайлар жасалатындай етіп жүзеге асырылуы керек.

7.3.4 Ғимарат немесе имарат тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы, өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағындағы ауаның құрамындағы жабдық, құрылыс материалдарынан немесе адамның тіршілігінің нәтижесінен бөлінетін лас заттар, үй-жайға атмосфералық ауамен немесе жыныстық газдармен енетін зиянды заттар адам денсаулығы үшін жол берілмейтін қауіп тудырмайтындай етіп жобалануы және құрылысы салынуы керек.

7.3.5 Сумен жабдықтау жүйелері мен су құбырының ішкі жүйелері суды берудің үздіксіз талап етілетін көлемін қамтамасыз ететіндей және судың сапасына қойылатын белгіленген талаптардың бұзылуына әкелетін ағып кету мен ластануға жол берілмейтіндей етіп жобалануы және салынуы керек.

7.3.6 Сұйық ағыстар сумен жабдықтау жүйесіне түспей жойылуы, топырақ пен қоршаған ортаны ластануы және ортаға жағымсыз иістердің бөлінбеуі қамтамасыз етілуі керек.

7.3.7 Ғимарат, имарат және оның инженерлік жүйелері үй-жайларда немесе қызмет көрсетілетін аймақтарда микроклимат параметрлеріне рұқсатты мәндердің шегінде қойылатын нормативтік талаптардың сақталуын және температураны, ылғалдылық пен ауа қозғалысының жылдамдығын қоса, осы параметрлердің оңтайлы мәндерін қамтамасыз ету мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

7.3.8 Су құрылыс конструкцияларының ішкі бетінде сұйық күйде, немесе дақ, не жолақ түрінде пайда болмауы және конструкцияның қасиетін елеулі өзгертпестен дер кезінде жойылуы қамтамасыз етілуі керек.

7.3.9 Ғимарат пен имараттың үй-жайы адамның қалыпты өмір сүруіне қажетті және адам денсаулығына жеткілікті инсоляциямен зиян келтіру қаупінің алдын-алуға жеткілікті, құрылыстың тиісті аудандарында – нормативтік талаптарға сәйкес күннен қорғайтын жарықтандырумен қамтамасыз етілуі керек.

Ғимарат немесе имарат орналастырылған және қорғалған, ал оның үй-жайлары адам қабылдайтын шу белгіленген жағдайларда қорғаудың жеке құралдарын қолданудың есебімен денсаулыққа қауіп тудырмайтындай және шудың ұйқы, демалыс пен еңбек



қызметі шарттарына қатысты белгіленген тәртіптердің сақталуы қамтамасыз етілетіндей жабдықталуы керек.

Технологиялық және инженерлік жабдықтан пайда болатын ғимараттың немесе имараттың құрылыс конструкциясының дірілі, топырақтың, құрылыс материалдарының және ғимарат пен имараттың үй-жайларындағы иондайтын және иондамайтын сәулелері халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығының талаптарын қамтамасыз ету қажеттігінен шыға, шекті мәндерден аспауы керек.

Аумақта қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою мен кәдеге асыру үшін қажетті инфрақұрылым жасалуы керек, жанасқан аумақтың ғимараттары мен имараттары нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіп бойынша қалдықтарды жою, жинау мен шығару үшін жабдықталған болуы керек.

#### **7.4 Ғимараттар мен имараттарды пайдалануға беру кезіндегі қауіптердің алдын алу**

7.4.1 Ғимарат және имаратты пайдалануға беру кезінде адамға табиғи және антропогендік сипаттағы қауіп факторларының әсер етуінен келесі жағдайлар қамтамасыз етілуі керек.

7.4.2 Ғимарат немесе имарат, сонымен қатар жанасқан аумақ пайдалануға беру кезінде оларды дұрыс пайдалануға беру мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей және жылжу, құлау, қақтығысу, күйю, электр тогы соғу нәтижесінде ғимарат және имаратты пайдаланушыларға жарақат келу және жазатайым оқиға мүмкіндігі, тұрмыстық және техногендік сипаттағы жарылыс нәтижесінде жарақаттану мүмкіндігі жоққа шығарылатындай етіп абаттандырылуы керек.

7.4.3 Ғимараттар, имараттар мен аумақтар:

- биіктіктің әртүрлілігінің, ойықтардың, еңісті және сырғанақ беттер мен баспалдақтардың, төмен орналасқан элементтердің бар болуына және жаяу жүргінші аймақтарының биіктікте орналасуына, ойықтар мен ғимараттың немесе имараттың жабдығының қозғалатын элементтерін толтыру сипатына байланысты жаяу жүргіншілердің, оның ішінде балалардың қозғалуының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға, ғимараттың немесе имараттың функционалдық мақсатына сәйкес көлемді заттарды жылжыту мүмкіндігі мен қауіпсіздігіне, құрылыс конструкциялары мен жабдықтарына қауіпсіз қызмет көрсету мен күтуге қойылатын талаптарға;

- көлік құралдарының ғимараттың немесе имараттың ішінде және объект аумағында жылжуына байланысты адамдардың қауіпсіздігіне, шамадан тыс физикалық жүктемелер жоқ кезде жоғары қабаттарда орналасқан үй-жайларға қолжетімділіктің ыңғайлығына қойылатын талаптарға;

- жабдықты балалар мен қарт кісілердің пайдалану ерекшеліктерінің есебімен, электр тогы соғуына, сумен немесе бумен күйю және жарылыстан болатын қауіптілікке байланысты ғимараттың электр қондырғыларына, электр жабдықтарына, газ тарату мен газ шығару қондырғыларының ішкі жүйелеріне, жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне қатысты адамдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға;

- криминалдық оқиғалардың пайда болуы мен олардың салдары мүмкін екендігіне, лаңкестік сипаттағы қауіптерден қорғауға байланысты ғимарат және имаратқа санкциясыз ену қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға жауап беруі керек.

7.4.4 Тұрғын ғимараттар, инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері мүгедектер мен халықтың қимылы шектеулі басқа да топтары үшін қолжетімділігі қамтамасыз етілетіндей жобалануы және құрылысы салынуы керек.

7.4.5 Көлік инфрақұрылымының объектілері мүгедектер мен халықтың қимылы шектеулі басқа да топтары осы объектілерде көрсетілетін қызметтерді кедергісіз пайдалануына мүмкіндік тудыруы керек.

### **7.5 Қоршаған ортаға әсер ету қаупінің алдын алу**

Ғимарат пен имарат өзінің функционалдық мақсатының есебімен орналастырылуы керек, оның құрылысын салу, пайдалануға беру, жою процесі кезінде қоршаған табиғи ортаға жағымсыз әсері жоққа шығарылатындай етіп жобалануы және құрылысы салынуы керек.

### **7.6 Қолданылатын құрылыс материалдары мен бұйымдарынан болатын қауіптің алдын алу**

7.6.1 Құрылыс материалдары мен бұйымдары құрылысқа қолдану үшін жарамды болуы және оларды мақсаты бойынша қолдану мен пайдаланудың белгіленген тәртіптері сақталған кезде ғимарат пен имараттың, құрылыс конструкциялары мен олардың бөліктерінің, ішкі инженерлік жүйелердің элементтерінің осы объектілерге құрылыс, құрылыс нормалары, ережелері мен стандарттары саласында қойылатын талаптарға жауап беруін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қасиетке ие болуы керек.

7.6.2 Құрылыс материалдары мен бұйымдары оларды конструкциялар мен үй-жайларда қолданған кезде адамның денсаулығына рұқсат етілмейтін қауіп төндіретін көлемдегі зиянды химиялық заттарды бөлмеуі керек.

### **7.7 Ғимараттар мен имараттарды инженерлік іздеу, жобалау, құрылысын салу, пайдалануға беру мен жою кезіндегі қауіптердің алдын алу**

7.7.1 Инженерлік іздеу ғимараттың немесе имараттың құрылысын салу мен пайдалануға беру жөніндегі жобалық шешімдерді қабылдауға арналған, қауіпсіздік талаптарына жауап беретін деректердің жеткіліктігі мен нәтижелердің қажетті шынайылығын қамтамасыз ететін көлем мен әдістермен жүргізілуі керек.

7.7.2 Жобалау тапсырмасында жобаланып отырған ғимарат немесе имараттың қауіп санатын анықтау үшін объект жобасы есептелетін бір уақытта болатын адамдардың саны туралы нұсқаулар берілуі керек. Жобалау тапсырмасында ішінде орналастыру үшін жоба құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес және қауіпсіздіктің, қауіп факторларының, объектінің құрылысын салу, пайдалануға беру, жою шарттарының қосымша немесе ерекше талаптарын жобалау кезінде есепке алу қажеттілігі туралы жоба әзірленетін объектіге, өңірге лайықты сипаттық қауіптер көрсетілуі керек.

7.7.3 Жобалаған кезде жүктемелер мен әсерлердің, құрылыс объектілерінің, конструкциялары мен олардың бөліктерінің, ішкі инженерлік жүйелердің, қажетті сенімділікпен жобаланатын объектінің оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін материалдар мен бұйымдардың физикалық қасиетінің сипаттарының есептік мәндері қолданылуы керек.

7.7.4 Объектілердің параметрлерінің жобалық мәндері, сипаттары мен конструктивтік шешімдері, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жобаланатын шаралар тиісті есептермен және (немесе) тиісті жүктемелер мен әсерлердің әрекетінен ғимараттың, имараттың, құрылыс конструкцияларының, олардың бөліктері мен ішкі инженерлік жүйелердің барысын модельдейтін сынақтар мен зерттеулердің нәтижелерімен негізделуі керек. Көрсетілген параметрлер, өлшемдер мен сипаттамалар олардың номиналдық мәндерінен шекті ауытқуды көрсету арқылы жобалық құжаттамада белгіленуі керек.

7.7.5 Жобалау құжаттамасында орындау барысы мен объектінің құрылысын салу кезінде орындалған жұмыстардың, оның ішінде жасырын жұмыстардың, нәтижелерін бақылауға, бақылаудың, сынау мен өлшеудің тиісті әдістерін қолдануға қатысты талаптар қарастырылуы керек.

7.7.6 Жобалау құжаттамасында, жобаның тапсырыс берушісі анықтаған қажетті жағдайда, объектіні пайдалануға беру, жою процесінде қоршаған ортаның, іргенің, құрылыс конструкцияларының және олардың бөліктерінің, ішкі инженерлік жүйелердің элементтерінің жағдайына мониторинг жүргізу қарастырылуы мүмкін.

7.7.7 Жобалық шешімдері оларды құрылыс салу кезінде жүзеге асыру мүмкіндігі мен объектіге және оның бөліктеріне қолжетімді әдістер мен технологияны қолдану арқылы қызмет көрсету, объектіні жою мүмкіндігінің шарты бойынша қабылдануы керек.

7.7.8 Жобалық құжаттама объектінің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету үшін пайдалануға беру процесінде сақталуы қажетті талаптар туралы мәліметтерден тұруы керек.

## 8 ҚАУІПТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

### 8.1 Қауіп факторларын талдау

